

ПРОПОЛКИ

С дәрумені бар

Соруға арналған балауыз және С дәрумені бар, лимон дәмді мұзкәмпиттер
Ауыз қуысы мен тамақтың қабыну процесстері кезіндегі жағдайды жақсартады
Ағзаның қарсы тұру қабілетінің жоғарылауына ықпал етеді

Құрамы

Бір мұзкәмпиттің құрамында 2,15 г қант, 1,264 г крахмал шәрбаты, 0,035 г балауыз сығындысы, 0,026 г лимон қышқылы (Е 330) қышқылдық реттеуіш, 0,020 г С дәрумені (аскорбин қышқылы), 0,005 г лимон хош иісі, табиғи (лимон майы).

Әсері

Балауыз қабынуға қарсы және бактерицидті әсер етеді. Балауыз құрамындағы флавоноидтар ағзаның қарсыласуын күшейтеді. Құрамында С дәрумені бар ПРОПОЛКИ ауыз қуысы мен тамақтың қабыну процесстері кезінде жеңілдеткіш әсер береді. Ағзаның табиғи қорғанысын нығайтады.

Қолдану жөніндегі нұсқаулық

ПРОПОЛКИ ұсынылады:

- тамақ пен ауыз қуысының қабыну процесстері кезінде жағдайды жақсарту үшін
- ағзаның қарсы тұру қабілетін жоғарылату үшін
- маусымдық суық тию ауруларының ықтималдығын төмендету үшін

Қолдану тәсілі

Күніне 1-5 мұзкәмпиттен. Балауыздың белсенді заттары ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығына тиімді әсер ету үшін мұзкәмпиттерді баяу сору керек.

Қарсы көрсетілімдер

Құрамындағы заттарға жекеше түрде көтере алмаушылық. Ара өнімдеріне жоғары сезімталдығында ұсынылмайды. Белгіленген тәуліктік дозаны арттырмау керек.

Шығарылу түрі

Блистерде 8 мұзкәмпит. 2 блистерден қолданылуы жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон пәшкеге салады.

Сақтау шарттары

2-25°C температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Сақтау мерзімі

Өндірілген күнінен бастап 36 ай. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

Нерпентес S.A. (А.Қ. Непентес)

Гвяздиста к-сі 69F

01-651 Варшава

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы

«Санofi-авентис Қазақстан» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050016, Алматы қ., Қонаев к-сі 21б

телефон: 8-727-244-50-96

факс: 8-727-258-25-96

e-mail: quality.info@sanofi.com

Дәрі емес, ББҚ.

Мемлекеттік тіркеу куәлігі №KZ.16.01.78.003.E.003881.07.12 тіркеу мерзімі 05.07.12